

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№10 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 10:30

Сенат залы

27 мамыр 2025 жыл

Сейсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы, Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Күн тәртібінде:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева*);

3.1.3. «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, PhD Маханбетов Арман Беркинбаевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, PhD Маханбетов Арман Беркинбаевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну мәселесін қарады. Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, PhD Маханбетов Арман Беркинбаевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін ұсынған құжаттарымен, ғылыми қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: «Маханбетов Арман Беркинбаевич университеттегі қызметін 2024 жылдың қазан айынан бастады. Ғылым саласындағы жалпы еңбек өтілі 19 жыл. PhD ғылыми дәрежесін 2016 жылы алған. 2016 жылдың мамыр айынан бастап аға және бас ғылыми қызметкер (8 жыл 11 ай) қызметтерін атқарып келеді.

10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша ізденуші Маханбетов Арман Беркинбаевич PhD ғылыми атағын алғаннан кейін 24 ғылыми еңбегі жарық көрген, оның ішінде процентиі 35-тен жоғары Scopus базасындағы журналдарда-3, уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда-12, Шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми еңбектері -2; жеке авторлығымен

жарияланған Маханбетов Арман Беркинбаевичке тиесілі 7 баспа табақтан тұратын монографиясы жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

«Экология» ғылыми-зерттеу институтының директоры PhD, Н.Ахметов сөз алып, «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, PhD Маханбетов Арман Беркинбаевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары «Экология» ғылыми-зерттеу институты мәжілісінде қаралып ұсынылғанын атап өтті:

Теориялық білімі, практикалық дағдысы және жобаларды басқарудағы жүйелі тәжірибесі бар «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері PhD А.Б.Маханбетовтың химия-металлургия бағытында ғылыми және технологиялық зерттеулер жүргізудегі тәжірибесі мен патенттері, жарияланымдары – оны 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін лайықты ізденуші ретінде қарастыруға толық негіз береді. А.Б. Маханбетов ғылыми тәжірибесінде өндірістік қалдықтарды өңдеу және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу бойынша білімі мен біліктілігін шындайтын жобалар орындаған жетекші маман.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Маханбетов Арман Беркинбаевич аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұраймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.3. «Экология» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, PhD Маханбетов Арман Беркинбаевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева